

ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ӘСЕРІ

Андатпа. Мақалада жас ұрпақтың ой-санасының қалыптасу барысында оған әсер ететін факторлар, ішкі және сыртқы әсерлер, материалдық және рухани құндылықтар қарастырылады. Адамды басқа тіршілік иелерінен ажыратып тұрған саналылығымен қатар, оның болмысы, рухани кемелденуі - қазақ зиялысы ақын Абайдың шығармаларында арқау болған негізгі мәселе. Бұл мақалада Абайдың терең тағылымының бірі – «Толық адам» ілімі дәріптеледі. Адамзатқа тән құндылықтардың ең бағалысын - руханилықты жүректің туындысы деп есептейді. Ақынның бай мұрасындағы құндылықтар концепциясының келешек ұрпаққа берері мол.

«Ұлы Абай шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық ойлардың жас ұрпаққа әсері» атты мақалада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы тәрбие мен білім мәселелеріне арналған терең педагогикалық және психологиялық ойлар талданып, жас ұрпақ тәрбиесіне қосатын ықпалы қарастырылады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде адамгершілік, білім мен еңбекке деген сүйіспеншілік, рухани байлық пен моральдық құндылықтар мәселелері кеңінен сөз болады. Автор осы шығармалар арқылы жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеудің, олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтеді. Мақалада Абайдың педагогикалық және психологиялық көзқарастарының қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі орны, жас ұрпақтың жан дүниесін терең түсіну және тәрбиелеу тұрғысынан оның шығармаларының мәні ашылады.

Тірек сөздер: Адам, Абай Құнанбайұлы, қарасөздер, Джон Локк, рухани құндылықтар, материалдық құндылықтар, идеализм, Джон Кехо, түпсана, Z ұрпақ.

Кіріспе. Адам - жоғарғы психикалық қызметті арқасында меңгеру, жасау, өзгерту қабілетіне ие саналы биоэлеуметтік тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи дамудың жемісі әрі сол қоғамдық өмір жемісі болып табылатын сананы таратушы. Адам туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер тұтқа адамгершілік болып табылады. Адамгершілік - рухани тұтастықтың бір бөлшегі [1].

Адамзатты зерттеу ерте заманнан бастап көптеген ғалымдардың назарын аударған болатын. Адам феноменін дәріптеген ғалымдардың ішінде әсіресе, қазақ зиялысы Абайды ерекше атап

өтсек болады. Абайша жақсы жанның принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» формуласымен дәріптелген. Бұл формуланың мәні – адамзат деген атаққа лайық бол, дүниеге, әлемге тек пайдаң тисін, жақсы-жаманды ажырата біл, дүние қума, рухани бай бол дегені. Абайдың тағы бір терең тағылымының бірі – «Толық адам» ілімін ұсынғандығы. Адамзат тарихындағы біртуар ақын, ұлы Абайдың сол ғылым-білімнің дамымаған кезеңіндегі тұжырымдарының – қазіргі ғалымдардың көзқарасымен ұштасуы – ақынның биік шоқтығын дәлелдей түседі.

Адам мәселесін қарастырғанда ақын рухани тұтастықты өзінің шығармаларына арқау етіп алады. Адамның рухани тұтастығы оның жан дүниесін мазалайтын барлық ойлардан арылып, өзінің ішкі әлемінде бүтіндік орнату арқылы келетін тәнінің тыныштығын рухани бастаулармен сусындату. Ақын Абайдың кез келген шығармасын алып қарасақ оның объектісі - адам екендігін байқаймыз. Адамтану, жеке тұлғаға деген көзқарас ақынның таңдамалы еңбектерінен әрдайым көрініс тауып отырған.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Ұлы ақын өзінің он жетінші қара сөзінде жүрек, қайрат, ақыл үшеуінің айтысып ғылымға жүгінгенін сөз етеді. Әр қайсысы өзінің артықшылығын сөз қылыпты: қайрат өзінің күш қуатының қатысуынсыз ешбір мәселенің шешілмейтінін алға тартса, ақыл білімді болғандықтан екеуіне қарағанда күштірек екенін айтады. Жүрек болса адам денесінің патшасы әділеттіліктің тазалықтың насихатшысы екендігін танытады. Сонда ғалым: «Әрқайсысың өз міндеттеріңді мүлтіксіз орындайсыңдар. Дегенмен мен жүректі жақтадым. Қалпыңды таза сақта, әрдайым турашыл бол, бірлікте әрекет етіп, әрдайым жүректің қалауын орында! Осы үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім», - деген екен.

Осы қара сөздің өзінде өте терең философиялық мағына жатыр. Адамға екі түрлі нығымет беріледі дейтін болсақ, біреуі - тән, екіншісі – жан. Тән ол біздің сыртқы қабығымыз болса, жан оның ішін толтыратын мазмұны. Екеуін де тең етіп, максималды деңгейде алып жүру - міне өмірдің мәні осында. Себебі көп адам тек сыртқы болмысына ғана басымдылық беріп, материалдық құндылықтарды бәрінен жоғары етіп қояды. Құндылық — белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі делінген

уикипедия-ашық энциклопедиясынан алынған мәліметте. Күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп, сол материалдың құндылықтың құлына айналғанын өздері де сезбей қалады. Оны көп адам біле бермейді. Тек солай болуы тиіс екен деп, енді бір нәрсеге қол жеткізсем, нағыз бақытты боламын деп жүре береді. Яғни өмірі автоматтандырылады. Қазіргі сәттен ләззат ала алмай, ертеңгі күннен кереметті күтеді. Өткен өмірдегі қателіктерін жиі есіне алып, өзегі өртеніп, қайғысын өзі үдете түседі. Дәл қазіргі сәттің билеушісі өзі екендігін, болашақ өзінің қолында екендігін түсінбейді. Суға кеткен адамның күйін кешіп, тырбандап тал қармай береді. Осылайша сыртқы қажеттіліктерін қанағаттандырамын деп жүргенде, ішкі әлемі жұтап, барған сайын әлсірей түседі. Қазіргі қоғамда адамдардың көпшілігі осы күйді басынан кешіріп өмір сүруде.

Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Рахымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек - бұлар жүректің іс дейді Абай он төртінші қара сөзінде.

Хакім Абайдың «Жетінші сөзінде» жан мен тән құмарлығын, адамгершілік имандылық жолындағы асыл сапаларды дамытуға арналған ұлағаты қазіргі және болашақтағы ұлттық-отаншылдық, мемлекеттік мұраттардың орындалуына мәңгілік бағдар бола береді [2].

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туылады: біреуі іпсем, жесем ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары, тәннің құмары ғана қанғанда жан рахатын таба алмайды. Екіншісі: білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деп тұрады. Бұл жанның құмары. Жан рахатын табу үшін ол өзінің ең алғашқы жаратылған қалпында болуы тиіс. Джон Лок айтқандай бала туылған кезде оның жаны таза тақтадай кіршіксіз болып

туылады. Сол тақтаға не жазылса, соған сәйкес адамның жаны да өзгере береді. Алты жасқа дейін адамның түпсанасының негізі қалыптасады. Адамның келешекте қандай болатыны, сол түпсанаға жазылған мәліметтерден құралады. Баланың бойына жастайынан құндылықтарды, сүйіспеншілікті, адамгершілікті, руханилықты құю маңызды. Осы сынды қасиеттерді бойына жинақтаған кезде келешекте міндетті түрде ол құндылық тұлға тұрпатына әсер етеді.

Сондықтан таза жаратылыс - жанды яғни рухты үнемі тазартып, табиғи болмысына жақындатып отыру керек. Ол үшін жанның қажетін қанағаттандыру қажет. Жан туралы ғалымдар түрлі тұжырымдамалар беруде. Адамзат баласы көбінесе тәннің қалауын қанағаттандыруға ұмтылады, яғни ас-суын, киімін береді, ақыл-ой, байлық, мансап толықтыруға бар өмірлік күш-жігері мен қуатын арнайды. Ал жанының қалауы, ескерусіз қалады. Жан рахатын таппаған кезде, тыныштығын жоғалтқан кезде толыққанды кемелдене алмайды. Осындай тұжырымды қазіргі кезде көптеген психологтар дәлелдеп отыр. Ежелгі веда, упаншиад, будда ілімдерінде жанның кемелденуі туралы, жан дүниенің үйлесімділігімен өмір сүру туралы өте көп мәліметтер айтылады. Рухты қоршап тұрған, сыртқы денеміз ғана, оның қалауын орындап қою ғана жеткіліксіз, рухты танығанда ғана болмыстың мәні айшықтала түседі. Қасиетті Құран кәрімде де жүрекке тыныштық сыйлайтын аяттардың мағынасы мен дұрыстығы бүгінде ғаламдық заңдармен сияқты дәлелденіп отыр. Ми сана мен материяның арасындағы дәнекер болса, рух яғни жан адам мен Алланың арасындағы дәнекер. Сондықтан Құран аяттарында Аллаға иман келтіріңдер делінген. Канадалық танымал психолог коуч әрі

жазушы Джон Кехо өзінің әйгілі «Подсознание может все» атты еңбегінде бейсананың мүмкіндігінің шексіз екендігін айтылады [5]. Адам санасының игерілмеген, жұмбақ қырлары, жақсы ой мен жақсы сөз сөздің адам болмысына әсерін физик ғалымдар «кванттық ауысу» деген заңмен түсіндірсе, психологтар жақсы ой арқылы жағымды эмоциялар мен сезімдердің туындайтынын, олардың адам өмірін өзгертуге ықпалын дәлелдей түседі. Сол секілді Құран Кәрімдегі «Жақсы сөз сөйле, болмаса үндеме» деген хадис те осыны растайды. Дана халқымыз осынау ғылымның жетістіктерін бір-ақ ауыз сөзбен: «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп сол кезеңде-ақ айтып кеткен болатын.

Абайдың көптеген шығармаларында идеализм көрініс береді. Идеализм – материалдық және һәм физикалық дүниеден тыс рухани әлем бар деген иланым [3].

Ұлы Абай өзінің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» атты 1902 жылы жарық көрген өлеңінде Алланы Абсолют - шындық ретінде ұсынып, «Махаббатпен жаратқан адамзатты, «Сенде сүй, ол Алланы жаннан тәтті»... - деп махаббатың субъектісін - Алла етіп көрсетеді. Заманынан өн бойы озық, ұлы ақын адамгершілік, ізгілік, имандылық, тазалық, махаббатқа кенелгісі келген адам Алланы тануы тиіс екендігін тілге тиек етеді. Абайдың осы ойлары ортодоксиялық ислам шеңберінен туындаған.

Ақынның қара сөздері мен өлеңдерінде өмірдің бар болмысын ашушы ретінде толық адамды меңзейді. Толық адам Абайша айтқандай - рухани жетілген, жан-жақты дамып, жеке тұлға болып қалыптасқан, кемеліне келген адам. Яғни рухы мен тәнінің қажеттерін толық қанағаттандырған он жетінші қара сөздегі нұрлы ақылдың иесі. «Ақыл,


қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» - деп толық адамды сипаттайтын қасиеттерді атап өтеді.

Абайдың өте күрделі ілімі - камили инсани (кемелденген адам) қазіргі психолог ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріндегі рухы мен тәнін меңгерген адам, жан тыныштығын тапқан адам. Адамзат өркениетінде, рухани тұрғыдан қасиеттерді - имандылық, білім, тәрбие, адамгершілік, құндылықтарды бойына сіңіріп, жетілдірген адам - Абай зерделеп, ұсынған «толық адам» ілімі.

Зерттеу нәтижелері. Абай мұраларын қаншалықты білетіндігі және оның мағынасын түсінетіндіктері туралы, жалпы құндылықтың өздерінің өміріндегі ролі туралы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің

1-2 курс студенттері арасында тест жүргізілген болатын. Тест алуудағы мақсат жастардың қазіргі кезде құндылықтарды қалай бағалайтынын ұғыну болатын. 41 респондент тестке қатысты. Студенттердің жауаптары:


«Қай құндылықтың ролі зор сіз үшін?» деген сұраққа 19 студент 43,6 пайыз студент рухани құндылықты жоғары қоятынын белгілеген (сурет 1). Дәл сондай 19 студент екі құндылықты да, яғни материалдық пен рухани құндылықты да бірдей бағалайтынын көрсеткен. 2 студент 4,9 пайыз материалдық құндылықты, 1 студент 2,4 пайыз ешқайсысын таңдамаған. 35 студент Абай шығармаларының мағынасын терең түсінетінін және ондағы оймен толық келсетінін алға тартқан.



Сурет 1. Құндылықтың ролін талдау

Тағы да сол респонденттердің «Сіздің ойыңызша толық адам деген кім?» деген сұраққа берген жауаптарын қарастырып көрейік. «Тәні мен рухының қажеттіліктерін қанағаттандырған адам» деген жауапты 38 респондент - 92,7 пайызы таңдаған,

«тәрбиелі адам» деген жауапты 2 адам - 4,9 пайызы, 1 адам ғана - 2,4 пайызы білімді адамды толық адам деп белгілеген. Бұл жауаптарды саралай келе, жас буын өкілдері толыққанды қалыптасқан адам жайлы түсініктері бар деген қорытындыға келеміз.



Сурет 2. Толық адам сұрағының талдауы

Бұл көріністен не көреміз? Демек жас буынның құндылықтарға деген көзқарасы дұрыс деген қорытындыға келсек болады. Материалдық дүниеге қарағанда рухани байлықтың биіктігін түсінетін жастар өсіп келе жатқандығына куә боламыз. Немесе екеуін де қатар алып жүруге потенциалдары жететін жас буынды көріп отырмыз. Көңіл қуантарлық көрініс.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Жиырма бірінші ғасырдың ұрпақтары - цифрлы дәуірдің шарықтаған шағында дүниеге келгендіктен, технология құралдарды шебер меңгерген бүгінгіні жастары. Индиго балалар деп те аталатын жүр кейбір баспаларда. Ақыл-ойлары, сезімдері жақсы дамыған, жылдам қабылдайтын, еркіндікті қалайтын виртуалды әлемде жартылай өмір сүретін Z буынның өкілдері. Қазіргі ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан Z ұрпақтың өкілдері жылдам өзгеріске бейім, интеллекттері жақсы дамыған, талдау жасай білу қабілеттері жоғары, ішкі интуициялары сезімтал, ішкі потенциалдары өте мол. Тек сол жастардың бойындағы қабілеттерді байқап, рухани таза қалпын зиянды дүниелерден ластамауын қадағалау – бүгінгі күннің еншісінде. Өсіп келе жатқан жасампаз жастардың

санасы ашық болғандықтан, әр нәрсеге еліктегіш әрі тез қабылдағыш. Жастарды дұрыс бағыт көрсетіп отыру әрбір аға буын өкілдерінің дәл қазіргі уақыттағы қоғамға қосатын үлесі деп білер едім. Сонымен қатар білім беру үдерісінде жастарға рухани құндылықтарды дарыта отырып, тәрбие мен білім беру педагогиканың абзал міндеті. Қазіргі таңда кәсіби даярлығы бар педагогтар өскелең ұрпақтың тек біліміне ғана емес, жан-дүниесіндегі өзгерістеріне де көбірек көңіл аударса, бұл мәселені шешуде жетістікке жеткен болар едік.

Жастардың бойына қайрат құйып, білім мәдениетін қалыптастырудың, рухани тұрғыда дамытудың маңызы зор. Әлемді рухани құндылық құтқарады десек, білім мен тәрбие адамзат өмірінде қандай маңызды болса, рухани әлемді дамыту да соншалықты маңызды болмақ. Рухани құндылық - ол адам баласына тән тәрбие, жақсы қасиеттерді қалыптастыру, ішкі әлемінің қанағаттану сезімі, ішкі және сыртқы қажеттіліктерінің толық үйлесім тауып, қанағаттандырылуы.

Қорытынды. Абайдың шығармаларында қазақ ұлтының базалық құндылықтарының иерархиясы, руханияты мен идеологиясы тереңінен көрініс тапқан. Ақынның бай

мұрасындағы құндылықтар концепциясының келешек ұрпаққа берері мол. Абай Құнанбайұлының философиялық шығармаларының оқыту мен тәрбие үдерісінде жастардың бойына адамгершілік, адалдық, әдептілік, мейірімділік, еңбекқорлық, сабырлық, оқуға, білімді болуға талпыну және патриотизм сезімдерін дамытуға әсері мол. Әсіресе қазіргі ауыспалы әлемде жас ұрпақтың құндылық бағдарын айқындауда, дұрыс бағыт беруде Абай Құнанбайұлының бағалы мұрасы – өзектілігін жоғалтпайтын дүние.

Осы айтылғандарды саралай келе мынадай ұсыныс білдірер едім:

Абайдың мол мұрасын оқытуды жоғары оқу орнының жоспарына енгізу, сол арқылы жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

Дәстүрлі түрде әр студенттік топтардың жыл сайынғы оқу үрдісінде Абай шығармаларынан іс-шара өткізіп отыру.

Тек қана Абай шығармаларының ғана емес басқа да қазақ зиялыларының озық ойларын білім беру мен оқыту процесінде рухани құндылықты қалыптастыру үшін қолдану, қазақ педагогикасының жаңа бір белесіне көтерілуге септігін тигізеді демекпін.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүйсенбаев, А. Тәрбие теориясы мен әдістемесі [Текст]: оқулық / А. Дүйсенбаев. - Астана: Фолиант, 2015.
2. Тебегенов, Т.С. Абайтану ұлағаты: жоғары және орта оқу орындарына арналған оқу құралы (2 басылым) [Текст]: оқу құралы / Т.С. Тебегенов. - Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2016. - 265 б.
3. Райан Майкл «Әдебиет теориясы: Кіріспе» Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. [Текст]: оқулық / Майкл Райан. – Астана, 2019.
4. Абай. Энциклопедия [Текст] /– Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 2018.
5. Кехо Джон Квантовый воин: сознание будущего [Текст] / Кехо, Дж. ; Пер.с англ. И.В.Гродель. - Мн.: Попурри, 2021. - 224с.

Ж.С. Таджикибаева - Таразский университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ВЛИЯНИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ВЕЛИКОГО АБАЯ НА ПОДРАСТАЮЩЕЕ ПОКОЛЕНИЕ

Аннотация: В статье рассматриваются факторы, влияющие на формирование мышления подрастающего поколения, внутренние и внешние воздействия, материальные и духовные ценности. В том числе характеризуется важность содержания мыслей в творчестве Абая в формировании мировоззрения молодежи. Среди студентов было проведено исследование, где были представлены его результаты.

В статье «Влияние психолого-педагогических идей в произведениях великого Абая на подрастающее поколение» анализируются глубокие педагогические и психологические мысли, посвященные проблемам воспитания и образования в произведениях великого казахского поэта Абая Кунанбайұлы и рассматривается их влияние на воспитание подрастающего поколения. В стихах и назиданиях Абая широко освещаются вопросы нравственности, любви к знаниям и труду, духовного богатства и

моральных ценностей. Автор подчеркивает важность правильного воспитания подрастающего поколения через эти произведения, обеспечения их личностного развития. В статье раскрывается место педагогических и психологических подходов Абая в системе современного образования, значение его произведений с точки зрения глубокого понимания и воспитания души подрастающего поколения.

Ключевые слова: человек, Абай Кунанбайұлы, слова назидания, Джон Локк, духовные ценности, материальные ценности, идеализм, Джон Кехо, подсознание, Z поколение.

Zh.S.Tadjibaeva - M.Kh.Dulaty Taraz university, Taraz; Kazakhstan

THE INFLUENCE OF PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL THOUGHTS IN THE WORKS OF THE GREAT ABAI ON THE YOUNGER GENERATION

Abstract. The article discusses the factors affecting the formation of the mind of the younger generation, internal and external influences, material and spiritual values. In particular, the importance of the content of thoughts in the work of Abay in the formation of youth worldview is described. A study was conducted among students, the results of which were presented.

The article "The influence of pedagogical and psychological thoughts in the works of the great abai on the younger generation" analyzes deep pedagogical and psychological thoughts on the problems of upbringing and education in the works of the great Kazakh poet Abai Kunanbayuly and considers its impact on the education of the younger generation. In Abai's poems and words of edification, issues of morality, love of education and work, spiritual wealth and moral values are widely discussed. Through these works, the author emphasizes the importance of properly educating the younger generation, ensuring their personal development. The article reveals the place of Abai's pedagogical and psychological views in the modern education system, the essence of his works from the point of view of a deep understanding and education of the soul of the younger generation.

Keywords: human, Abay Kunanbayuly, words of edification, John Locke, spiritual values, material values, idealism, John Keho, the subconscious, Generation Z.

References

1. Duysenbaev, A. Tәрбие teoriyası men әdistemesi [Theory and methodology of education] [Text]: textbook / A. Duysenbaev. - Astana: Foliant, 2015.
2. Tebegenov, T. S. Abajtanu ғılaraty: zhоғary zhәне orta оқu оryndaryna арналған оқu қуғaly [Abay studies: manual for higher and secondary educational institutions (2 editions)] [text]: manual / T. S. Tebegenov. - Karaganda: Medet Group LLP, 2016. - 265 P.
3. Ryan Michael «Әdebiet teoriyası: Kirispe» Қазақ tilindegi 100 zhaңa оқuлық ["Literary Theory: An Introduction" 100 new textbooks in the Kazakh language] [Text]: textbook / Michael Ryan. - Astana, 2019.

4. Abay. Encyclopedia [text] /– Almaty: main editorial office of the "Kazakh encyclopedia", publishing house "Atamura", 2018.
5. Keho John The Quantum Warrior: Consciousness of the future [Text] / Keho, J.; Translated from English by I.V.Grodel. - Mn.: Medley, 2021. – 224 p.

26.11.24 ж. баспаға түсті
16.02.25. ж. түзетулермен түсті.
14.03.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Таджибаева, Ж.С. Ұлы Абай шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық ойлардың жас ұрпаққа әсері [Мәтін] / Ж.С. Таджибаева // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2025. - №1. – Б. 124-131 <https://doi.org/10.55956/FYAP8854>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).